



«БЕКІТЕМІН»

№95 мектеп-лицей директоры:

Аубакирова Ш.А.

№95 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ ҚАБІЛЕТТІ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2024-2025 оқу жылы

*“Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса,
сонда ғана оның аты Адам болады.”*
Абай

ДАРЫНДЫЛЫҚ

«Дарындылық» термині «Дарын» сөзінен шыққан – дамудың ерекше қолайлы, ішкі алғы шарттары дегенді білдіреді. **Кұрдастарына қарағанда оқуға деген жоғары зеректігі, анық байқалатын ерекше шығармашылық қабілеті бар бала «дарынды бала»**деп саналады. Педагогикалық энциклопедияда мынадай анықтама берілген: «Дарындылық – іс-әрекеттің белгілі бір саласында ерекше жетістікке жетуге жағдай жасайтын, адам қабілеті дамуының жоғарғы дәрежесі».

Дарындылықтың байқалуында екі түрлі көзқарас бар: «**барлық балалар дарынды**» және «**дарынды балалар өте сирек кездеседі**».

Кез келген дарындылық түрінің байқалмау себептері мынадай болуы мүмкін:

- қажетті білімнің,
- шеберліктің,
- дағдының жетіспеушілігі,
- бала дамуындағы кейбір қиындықтар.

Дарынды балаларды айрықша оқшауландыратын ерекшеліктер:

- ақыл-ой еңбегіне бейімділік,
- жоғары зерттеушілік қабілеті мен танымдық мотивация,
- білімі,
- жаңа хабарды ұдайы қабылдауға ұмтылыс яғни танымдық қажеттілік.

Бақылаулар көрсеткендей, жоғары танымдық қажеттілік баланың өз талпынысымен болады.

- Дарынды балалар қиын тапсырмаларды құштарлықпен оңай орындайды.
- Дайын жауаптарды ұнатпайды.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?

- Балаларның пәнге қызығушылығын, білуге құштарлығын нақты анықтау.
- Балаға тапсырманы деңгейлеп беріп, зейінін тұрақтандыру қажет.
- Баланың мінезін – құлқын ерекшелігін білу. (Нені ұнатады, нені ұнатпайды, қай кезде білімді жақсы меңгереді, қай кезде шаршайды? т.б)
- Баланың бір қалыпты, жүйелі жұмыс жасауына көңіл бөлу.
- Берілген тапсырманы бірлесе талдау.
- Бала қызығушылығына қолдау көрсету, орынды кеңес бере білудің маңызы зор.

ДАРЫНДЫ БАЛАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ:

1. Интеллектуалдық сферасы.
2. Білімділік өрісі
3. Ойлау қабілеті ерекшесі тұрақты, қызығуы мол, кейде бір іспен айналысса тоқтай алмайды, өз ойын ерте жеткізеді.

ДАРЫНДЫЛЫҚ ҮШ ПАРАМЕТРМЕН АНЫҚТАЛАДЫ:

1. Танымдылық жеке дамуы.
2. Психологиялық дамуы.
3. Физикалық дамуы.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ТАҢДАУДА НАЗАР АУДАРАТЫН ЕРЕКШЕЛІКТЕР:

1. Дарынды бала өзгеше және шапшаң ойлайды.
2. Дарынды оқушылардың ішкі сезімі жағынан өзгешелігі өте сезімтал, ықлас қойған нәрсесін, тақырыбын әр жерде негізгі мәселе етіп ұсынады.
3. Дарынды оқушылардың физикалық тұлғадан ерекшелігі дамудағы шапшаңдылық ақындарша сөйлеуі жиі-жиі берілуі қиял-күйінің басым түсуі.
4. Әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі адамгершілік сезімдерінің ерте дамып жоғары моральдық қасиеттерге ие болуы.

ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАҒАНДА ТӨМЕНДЕГІ ФАКТОРЛАРДЫ ЕСКЕРУ КЕРЕК.

1. Жас ерекшелігі.
2. Тұлғалық ерекшелігі.
3. Экспериментатордың тұлғалық ерекшелігін.

ЖЕКЕ ТҰЛҒА ДАРЫНДЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНЫҢ КЕШЕНДІ ЖИНАҒЫ.

Ғылыми – практикалық конференция, дебат тобының жұмысы, эрудит, пәндік марафондар, рефераттар қорғау, зияткерлік ойындар, т.б.

Академиялық дарындылық

Арнайы курстар, факультативтер, олимпиадалар

Ақыл-ой дарындылығы

Психологиялық қызмет, сауалнамалар, проблемалық ізденіс қызметі

Көркемдік дарындылық

Жас дарындылық сайысы, ән фестивалі, ән, би т.б.

Психомоторлы дарындылық

Спорттық жарыстар, түрлі секция жұмыстары, спортакыядаларға белсенді түрде қатысу

Әлеуметтік дарындылық

Көшбасшыны дайындау

ДАРЫНДЫЛЫҚ ТҮРЛЕРІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ:

Шығармашылық дарындылық

Креативті, идеяның өнімділік жылдамдығы, оларды әзірлеу, қиял.

Шығармашылық ойлаудың сауалнамасы

Академиялық дарындылық

Оқытудың жетістігі

Стандартты жетістік сауалнамасы

Ақыл-ой дарындылығы

Ойлау операциялары, ақыл-ойлардың түрлері мен сапасының, зейіннің таным үрдістері, есте сақтау, қиялдың дамуы.

Ақыл ойды өлшейтін сауалнама: веббалды және веббалды емес

Көркемдік дарындылық

Шығармашылық және орындаушылық өнер

Іс-әрекетмен көркемдік шығармашылықты талдау

Психомоторлы дарындылық

Жылдамдық, нақтылық, ептілік, көру координациясы, темп, ритм, іс-әрекет координациясы, реакцияның жылдамдығы.

Перцептивті – қозғалысты дамытуға арналған стандартты сауалнамалар

Әлеуметтік дарындылық

Ұйымдастырушылық, коммуникативті, жетекшілік қабілеті

Жетекшілік қабілеті, әлеуметтік хабардар шкаласы, әлеуметтік жетілу шкаласын анықтау сауалнамасы

ДАРЫНДЫ ЖӘНЕ ТАЛАНТТЫ БАЛАЛАРДЫҢ БЕС СИПАТТАМАСЫ:

1. Дарынды және талантты балалардың қалай оқитынының сипаттамасы

Ақпаратты шұғыл өңдейді

Зияткерлік тапсырмаларды ұнатады

Кең ауқымды білімді пайдалана алады...т.б.

2. Креативті ойлаудың сипаттамасы

Ерекше нәрселерді іздейді

Басқа біреуден ерекше болуға қорықпайды

Әзілшіл

3. Ынталандыру сипаттамасы

Табанды және жұмыспен бар ынтасымен шұғылданады

Жеке жетістіктердің жоғары стандарттарына ұмтылады

4. Қоғамдық көшбасшылық сипаттамасы

Құрбы-құрдастар құрметтейді

Басқалармен жылдам тіл табысады

5. Табандылық сипаттамасы

Өктем пікірлерге кекесінмен қарайды

Жоғары сынып оқушыларымен, ересектермен тіл табысады, олардың ортасында жиі болуға тырысады

Мақсаты: мектептің дарынды оқушыларының жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Міндеттері:

- Дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру;
- Пән бойынша білім-білік дағдыларын тереңдету, өз ойын еркін жеткізуге үйрету, өзіндік білім алуға жетелеу,
- Дарынды оқушыны жан-жақты дамыту, ізденістік жолға ынталандыру
- Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету;

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

- ✓ Шағын тақырыптық шығармалар, әңгіме-эсселер жаздыру;
- ✓ Зерттеу-ізденіс жұмыстарын тапсыру;
- ✓ Тақырыптық талдау тапсырмаларын орындату.
- ✓ Логикалық тапсырмалар орындау

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Оқушылардың шығармашылық-даралық қасиеттерін тану;
- ✓ Нәтижелі жеңістерге қол жеткізу.
- ✓ Оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық потенциалын сақтауға және өсіруге жағдай жасалады;

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Жауапты	Нәтиже
1.	Дарынды оқушылармен жұмыс жасау бағдарламасын іске асыру жоспарын құру	Қыркүйек	Кошкимбаева А.С	Бағдарламаны іске асыру
2.	Дарынды оқушыларды анықтау, мектеп бойынша тізім құру	Қыркүйек	Кошкимбаева А.С Психолог	Зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру
3.	Ата-аналар жиналысы	Қыркүйек	Сынып жетекшілері	Ата-ана көмегі
4.	Мектепішілік пәндік олимпиадаларды дайындау және өткізу	Қазан	Кошкимбаева А.С Пән мұғалімдері, ӘБ жетекшілері	Дарынды оқушыларды анықтау және демеу жасау
5.	1-7 сынып оқушыларының «Зерде» зерттеу жұмыстарына қатысуы	Қазан	Кошкимбаева А.С Пән мұғалімдері, ӘБ жетекшілері	
6.	8-11 сыныптардың ғылыми жобалар сайысына қатысуы	Қазан-желтоқсан	Кошкимбаева А.С Пән мұғалімдері, ӘБ жетекшілері	
7.	Пән мұғалімдерінің үлгерімі төмен	Қараша	Пән мұғалімдері	Мұғалімдердің

	және дарынды оқушылармен жұмысы			жұмысы
8.	Семинар «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру-заман талабы»	Қараша	Пән мұғалімдері	Хаттама
9.	Қабілеті жоғары оқушылармен жұмыс жүргізу	Қараша	ӘБ жетекшілері	Есеп
10.	Әдістемелік кеңес: «Оқыту сапасын арттыру арқылы оқушылардың интеллектуалдық деңгейін көтеру»	Қаңтар	Дуйсенбаева А.Ж	Кеңес, ұсыныстар
11.	Мектепшілік ғылыми-тәжірибелік конференция	Наурыз	А.С.Кошкимбаева	Қалалық жарысқа іріктеу
12.	Үздік оқушылармен жұмыс жүргізу	Жыл бойы	Пән мұғалімдері	Дарынды оқушыларды анықтау және демеу жасау
13.	«Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық қолдау көрсету орталығымен байланыс	Жыл көлемінде	А.С.Кошкимбаева	Дарынды оқушыларды анықтау және демеу жасау
14.	Ата-анамен байланыс жасау	Жыл көлемінде	Мұғалімдер	Ата-ана көмегі
15.	Дарынды оқушылармен жүйелі түрде қосымша жұмыстар жүргізу	Жыл көлемінде	Мұғалімдер	Дарынды оқушыларға демеу жасау
16.	Мұғалімдерге қабілеті жоғары оқушылармен жұмыс жасау туралы кеңес беру	Жыл көлемінде	Әкімшілік Психолог	Мұғалімдердің жүйелі жұмысы
17.	Дамыту сабақтарын жүргізу	Жыл көлемінде	Пән мұғалімдері	Дарынды оқушыларға демеу жасау
18.	Дарынды балалардың шығармашылығын қолдап, жетілдіру, дамыту үшін жағдай жасау	Жыл көлемінде	Мектеп ұжымы	Оқушыларға көмек көрсету
19.	Мектеп кітапханасында дарынды балаларға арналған ғылыми-әдеби кітаптар бұрышын жасау	Жыл көлемінде	Кітапханашы	Оқушыларға көмек көрсету

20.	Дарынды балалармен жұмыс ерекшелігі туралы кеңес беру	Жыл көлемінде	Әкімшілік Психолог	Мұғалімдердің жүйелі жұмысы
-----	---	---------------	-----------------------	-----------------------------

Директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары:

А.С.Кошкимбаева